



**"Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы № 941 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 30 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі  
актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

**"Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы № 941  
Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы № 941 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 28, 309-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі туралы ережеде:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Дипломаттық дәрежелерді беру тиісті куәліктерді тапсырумен және қызмет тізіміндегі (еңбек кітапшасындағы) жазбамен расталады. Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру кезінде куәлікпен бірге қосымшаға сәйкес нысандағы "Төтенше және Өкілетті Елші" төсбелгісі беріледі.";

осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.


2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2019 жылғы 26 маусымдағы  
№ 30 Жарлығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2002 жылғы 29 тамыздағы  
№ 941 Жарлығымен бекітілген

"Төтенше және Өкілетті Елші" төсбелгісі



**Материалы:**

- сары түсті металл  
(алтын жалатылған СrМ 925 күміс)

**Эмальдары:**

- көгілдір 68754;  
- жасыл 1820.

**Бекітпесі:**

- ине-цанга

*Аверс*



*Реверс*

